## Екінші дүниежүзілік соғыстың құрбаны Медет Аманжоловтың рухына

# ТОПЫРАҒЫН ТАПҚАН ҚАС БАТЫР

Қаншама гүлді солдырып,
Қаншама ғұмыр үзілді.
Қыршынды көктей оталы,
Үзіп бір кетті ғұмырды.

Сол соғысқа аттанды,
Медет Арқа төсінен.
Аңырап қалды анасы,
Шықпай қойды есінен.

Жастерек туған ауылы,
Қарайлай берді артына.
Әкесі көзден жас төкті,
Теңселіп кетті нар тұлға.

Анасы қалды аңырап,
Тағылы тауы теңселді.
Үлкен-кіші егіліп,
Қия алмады өркенді.

Соғысқа кірді ер Медет,
Фашиске кек боп атылды.
Көзін жойып дұшпанның,
Ерлігін жаудан асырды.

Оқ түтеген шайқаста,
Алғы шептен көрінді.
Таптатпаймын фашиске,
Атамекен жерімді.

Деп атылды жауына,
Отан үшін жан пида.
Медет сынды ерімнің,
Ерлігі қалды артында.

Сандаған жыл өтсе де,
Топырағы тартып елінің,
Ескерткішке айналды,
Атамекен жерінің.

Рухың Отан көгінде,
Қырандай биік самғайды.
Қазағың барда қара орман,
Атың өшіп қалмайды.

Жауды отша шарпыған,
Алыпқара батырсың.
Туған жердің қойнында,
Мәңгі тыңшып жатырсың.

Биіктей берсін рухың!
Торқа болсын топырақ.
Қайырын берсін артының,
Көшенің жатыр атын ап!

**Өмір КӘРІПҰЛЫ,**
**Қазақстан Жазушылар**
**Одағының мүшесі, жазушы.**

**10.05.2022 жыл**
**Ақадыр кенті.**



Шет шұғыласы, 2022. - 12 мамыр (№19). - 3 б.